

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 131-134.

ӘОЖ 82-1 (045)

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
«МАХАББАТ»,
«ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІЛЕРІНЕ ТАЛДАУ**

*Алтынғали А.Т., 1 курс студенті
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Мағжан шығармаларындағы туған жер мен махаббат концептілерінің тілдік танымын талдау барысында ақынның осы мәселелер жөнінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, таным түсінігіне негіздей отырып, адам жанына терең сіңіру мақсатында қарапайым халыққа түсінікті тілмен, тіпті көркем поэтикалық тілмен және шешендік үлгісі риторикалық сұрау қалыптарымен тұтас конструкцияларды жатық баяндап, мән-мазмұнын айқындаған деп тұжырым жасауға болады. Туған жер мен махаббат концептілері Мағжан шығармаларында үлкен орын алады. Ақынның аталған концептілер туралы ұғым түсінігін талдаудың танымдық лингвистика үшін мәні зор [1].

Мағжан шығармаларының ерекшелігі шығармаларында өзінің өмірге деген көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасы тілдік құралдар арқылы беріліп, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Бұл ғалам бейнесін бейнелейтін ақпарат жүйесі ақынның ғалам туралы концептуалды тұжырымдамаларынан көрінеді. Демек, көркем шығармаға тіліне (поэзия тілі болсын немесе проза тіліндегі философиялық этюдтерді) концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін қажет. Қандай да бір көркем шығарманы тек лингвистикалық талдаумен, яғни шығарманың көркемдік ерекшелігін талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда автор шеберлігі, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көріне бермейді. Осы ретте концептілік талдау автордың ақиқат дүниеге қатынасын айқындап, көркем шығарманы талдаудың екінші бір қырын ашатын бірден бір тілдік құрал ретінде қызмет етеді.

Мағжанның таза махаббат тақырыбына арналған лирикасы – аса көркем мұра. Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде ғажап шеберлік танытады. «Сүй, жан сәулем», «Сен сұлу», «Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін», «Шолпы», т.б. өлеңдерінде Мағжан адамға тән осынау ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қаһарманы үнемі ғажайып сезімнің құшағында жүреді. Шын сүю – Мағжанның ұғымында әрі ләззатты, әрі

азапты күй. Қуанышы да мол, азабы да аз болмайтын сезім. Ақынның сезімі кіршіксіз мөлдір. Сонымен бірге, ол махаббатқа шексіз адал. Сүйген жанының бір сәттік қуанышын ол патшаның тағына да, дүниенің малына да айырбастамайды. Сүйген жары үшін не қиындыққа да төзуге даяр.

«Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін» өлеңі дәл осындай кіршіксіз махаббаттан туған шығарма.

Сүйгеніне қол созған ғашық жан:

Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін, - деп, жүрек сырын ақтарады. Оның ғашығы – сөзі сиқыр, шашы толқын, күлкісі күміс табақтай, сыңғырлаған ғажайып сұлу. Ақын осы сұлулыққа жету жолында бәрін де құрбан етуге даяр ғашық жанының бар сезімін тамаша суреттермен, бейнелі кестелермен береді. Лирикалық кейіпкерінің «көз жасынан меруерт тізіп», тіпті аспандағы жұлдызды жүзік, айды алқа етіп ғашығына сыйға тартқызды [2].

Мағжан ақынның өлеңдеріндегі сұлулықта шек жоқ. Оқыған жан оның әр жырынан нәзіктік пен үйлесімдікті сезіне алады. Ал мына «Туған жер», «Сен сұлу» атты өлеңдеріне жасалған талдаудан ақынның қарабайыр сөзден ада, қазақтың құдіретті сөз өнеріне бай екенін тағы да байқай аласыздар.

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер,

Бұл «Туған жер» атты өлең жолдарынан дербес мәдени концепт ретінде қарастыруының себебі әр халықтың тілдік поэтикалық жәдігері, этностың мәдени болмысы мен тарихы, тілдік ақпаратты сақтау мен келер ұрпаққа тасымалдаушы құндылық екендігін көрсетеді. Өлеңнен эпитетті де, метафораны да, аллитерацияны да, мақалды да, метонимияны да көре аламыз. Эпитеттерді тізіп көрсек: ұл жарыққа аяқ басып туған жер, кіндік кесіп кірім сенде жуған жер, шыбын-шіркей қуған жер, тәтті су, қалың ну, кең дала, тең құрбы, асау тай, сорлы бас, туған жерім.

Мағжан шығармаларындағы концептілерді табу кезінде концептілік өріс түзіледі. Ол жеке сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, сөйлем, тұтас мәтін түрінде болады. Бір ұғым туралы аталған тілдік құралдар жиынтығы концептілік өрістің негізін құрайды.

«Махаббат» концептісі ғалам бейнесінің құрамдас элементінің бірі ретінде, отандық және шетелдік лингвистердің ерекше назарына ілікті. «Махаббат» концепті, сөз жоқ, базалық құндылықтар және экзистенциалды, сезім байлығы туралы ұғымдарды көрсетеді, оларда негізгі ой-тұжырымдары, принциптер мен өмірлік мақсаттар, эстетикалық ұстанымдар көрсетіледі, сонымен бірге, махаббат концептісі бақыт, үміт, сенім, еркіндік концептілерімен қатар тұрады. Ол адамның өмірдің мәнін мақсат ретінде қалыптастырумен тікелей байланысты болады, аталған мақсатқа жету адамның тікелей дара болмысының шекарасынан асып кетеді. Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған

таңбалық жүйе.

Мағжанның таза махаббат тақырыбына арналған лирикасы – аса көркем мұра. Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде ғажап шеберлік танытады. "Сүй, жан сәулем", "Сен сұлу", "Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін", "Шолпы", т.б. өлеңдерінде Мағжан адамға тән осынау ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қаһарманы үнемі ғажайып сезімнің құшағында жүреді. Шын сүю – Мағжанның ұғымында әрі ләззатты, әрі азапты күй. Қуанышы да мол, азабы да аз болмайтың сезім. Ақынның сезімі кіршіксіз мөлдір. Сонымен бірге ол махаббатқа шексіз адал. Сүйген жанының бір сәттік қуанышын ол патшаның тағына да, дүниенің малына да айырбастамайды. Сүйген жары үшін не қиындыққа да төзуге даяр.

Мағжанды өз кезінде ақын ретінде танытқан да осы махаббат жайлы өлеңдері болатын. Бұл туралы кезінде Ж. Аймауытов «Ақын махаббатқа сенеді, жүрегі сезеді, махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. «Көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыққа, зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат жүректі жыралайтын тікенек! Жар сүйсе жүрек жазылады, сүймесе өледі, махаббат – бір тәтті у, дүниенің у-шуы махаббаттай күшті әсер бере алмайды» – міне ақынның махаббатына көзқарасы. Бірақ махаббатты мәңгі деп ұқпайды. Кейде махаббат тез сөніп қалуға мүмкін деп қарайды» деген пікір айтқан. Бұл жолдарды Жүсіпбек Аймауытұлы Мағжанның «Махаббат не?» өлеңінен жазған.

Ақын танымында «Махаббат» концептісі бақыт/бақытсыздық, жүрек, қан сияқты микроортада танылады. Ақын өз танымында микроортадағы ұғымдарды сатылай байланыстырып көрсетеді: тікенек – жүрек – бақытсыздық – қан. Ақын танымындағы осы микроорта тізбегінің танымдық тұрғыдан жүзеге асуы үшін дерексіз мәндегі махаббат ұғымын деректі тікенек ұғымымен шендестіреді. Осы шендестіруде ақын танымы халықтық танымға негізделеді. Олай болатыны халық танымында тікенек тура мағынасынан бөлек ауыспалы мағынада азап, машақат, у, дерт, кедергі мәнінде де ассоциацияланады [3].

«Сүйгенім анық» атты өлеңіндегі сезімнің, яғни махаббаттың да өзгеретіндігін жырлаған.

Алдағаным жоқ, Арбағаным жоқ, Сен сөзіме, сұлу қыз! Тап сол сағат, Сүйгенім хақ, Қуә мынау көп жұлдыз! - деген жолдарды меңзеп отырғандай. Мұндағы махаббаттың уақыттық сипатын танытатын микроорта: мәңгілік махаббат, уақытша махаббат, көрсе қызығу, кездейсоқ махаббат деп өзектеледі. Алайда тілдік қолданысындағы бірліктерде ақын танымындағы махаббаттың алдамшы, жалғандығы емес, оның ақиқатпен байланыстылығы танылады.

Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаев жырларында махаббат айрықша сезім, басқаға ұқсамайтын эмоционалдық даралығын көрініп отырады:

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,

Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.

Жан денесін бірдей алам, улаймын,

Қысып сүйем, құшағымда өлгенше, - деп жырлаған ақын үшін махаббаттан күшті нәрсе жоқ. Өмірдегі ең қымбат, ең асыл – махаббат. Ол оны тақ пен тәжге де, тіпті дүниенің бар байлығына да айырбастамайды. Өйткені шын ғашық болудан артық бақыт жоқ. Ақын:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!

Жылы, тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін

Патша тағы, бүкіл дүние малына, - деп жырлайды. Сезімді бұлайша асқақтата көрсетуде ақын танымындағы махаббаттың барлық матеоралдық құндылықтардан қымбат екендігі көрініс тапқан.

«Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін» өлеңі дәл осындай кіршіксіз махаббаттан туған шығарма.

Сүйгеніне қол созған ғашық жан:

Кел, жұлдызым, жылжып кана жібектей,

Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін, - деп, жүрек сырын ақтарады.

Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасына қатысты зерттеу жүргізген ғалым Ж. Ермекова М. Жұмабаевтың шығармаларындағы Махаббат лексемасының статистикасы мен қолданысы туралы төмендегідей пікір білдіреді: «Поэтикалық мәтіндегі «Махаббат» концептісінің репрезенттелуі. Концепт жеке тұлғаның ғаламды тану тәсілі десек, М.Жұмабаевтың концептуалдық ғалам бейнесінде айрықша орын алатын «махаббат» концептісі эмоционалдық, мәдени және көркем концептілердің барлық белгілерін иеленіп, автордың өзіне тән күшті идеялық-эстетикалық реңкте бейнеленіп вербалданады. Ақынның шығармаларында махаббат (атау), сүю (етістік) сөздері «махаббат» концептісін когнитивті-пропозициялық құрылым арқылы анықтауда маңызды рөл атқарады. Автордың поэтикасында махаббат лексемасы аз қолданылады, бар-жоғы – 11 рет, бірақ «махаббат» концептісін танытатын пропозиция, сөзжасам жұрнақтары мен жалғаулар арқылы түрленіп қолданылатын сүй түбірі 200-дей рет кездеседі» [4].

Мағжан ақынның танымында туған жер ұлттық түсініктерімен астасып жатыр. Мәселен ақын үшін туған жер – кіндік кесілген, кірі жуылған жер. Бұл тұста ақын танымы дәстүрлі тіл оралымдары арқылы жарыққа шыққан. Ақын туған жермен байланысты «Жастық – алтын» когнитивтік моделінің аясында балалығымен байланыстыра отырып бейнелейді. Туған жермен ақын жаны тығыз бірлікте екендігі «топырағыңнан жаратылу» сынды діни аядағы біліммен байланыстырыла отырып өрнектеледі. Мағжан ақынның «Туған жер» концептісін жырлаудағы өзгешелігі оның ұлттық сипатымен байланысты. Ақын:

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,

Батпағыңда тең құрбымен алысып.

Түнде – ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз

Үйретем деп асау тайға жабысып. – деген жолдарда ақын танымына әсер еткен сыртқы шаруашылықпен, дәстүрмен байланысты факторларды көре аламыз. Мұндағы этнографиялық мәні басым ақсүйек, алтыбақан сынды бірліктердің қолданысы туған жердің ұлттық ерекшелігін танытып тұрғандай.

Ақынның енді бір өлеңінде туған жердің тұтас болмысы тұтастай арқау болып, бүтін бір сурет болып бейнеленеді:

Шешініп қыз-келіншек су алған көл
Әр жанды мөлдіріңнен суарған көл
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал
Дөңіне ойнақ салып, қуанған көл.

Өлең мазмұнынан байқалатыны ақын туған жерін суреттей отырып, өзінің қимастық сезімін қоса беріп отырады. Ақын суреттеп отырған жердің қазақ топырағында екендігі автордық тілдік қолданысындағы ұлттық лексемалар (төрт түлік, ақ боз үй, ағайын, қоныс, кір жуып, кіндік кескен, ата қоныс) арқылы дәйектеліп отырады.

Қорыта айтқанда, М.Жұмабаев тілдік тұлғасындағы таным ерекшелігін, семантикалық өрісін ұлттық санадағы шынайы, ақиқат дүниенің құндылықтарын таңбалайтын кейбір концептілерге талдау жасау арқылы когнитивтік лингвистика шеңберінде зерттей отырып, Адам мәніне бойлай аламыз деп түйіндейміз.

*Ғылыми жетекшісі Кабулова Ш. Г.,
педагогика ғылымдарының магистрі*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздықұлы, З. (2009). *Мағжантану мәселелері*. Таң- шолпан, 2.
- 2 Елемесова, Ш. (2003). Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары. дисс. ... филол. ғыл. канд. Алматы, 127.
- 3 *Voprosy Kognitivnoy Lingvistiki*. (2014). RALK.
- 4 Ермекова, ЖБ. (2010). Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы. Филология ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. ... автореф. Алматы, 26.